


Қара мойнақ ауруы

- **Ауру белгілері:** Тамыр мойнында қара дақ ретінде байқалады. Зақымданған сабақтары қарайып, шіриді. Өсімдік солып көбіне өліп қалады. Олар топырақтан жеңіл жұлынады.
- **Аурудың сақталу көзі таралуы:** инфекция көзі- топырақ, өсімдік қалдықтары, залалданған тұқым.
- **Ауруға себеп болатын факторлар:** жоғарғы ылғалдылық, дұрыс емес қоректендіру, ауа температурасының күрт жоғарылауы.



Жалған ақ ұнтақ ауруы

- **Ауру белгілері:** Жапырақтары, сабақтары, өзектері залалданады. Жапырақтарда ашық сары дақтар, астында ылғалды ауа райы жағдайында сұрғылт- ақшыл өңездер пайда болады.
- **Аурудың сақталу көзі таралуы:** патоген өсімдік қалдықтарында сақталып, залалданған тұқым арқылы таралады.
- **Ауруға себеп болатын факторлар:** ылғалды ауа-райы және қалыпты ауа температурасы әсер етеді.



Шырышты бактериоз ауруы

- **Ауру белгілері:** Көсеусабақтары мен қаудандары залалданады. Қаудандардың сулы шіріктенуі түрінде байқалады. Қаудандары көсеусабақтарнан оңай сынады.
- **Аурудың сақталу көзі таралуы:** патоген өсімдік қалдықтарында, ауру көсеусабақтары мен қаудандарда сақталады.
- **Ауруға себеп болатын факторлар:** ауыспалы егістің сақталмауы, жауынды ауа райы, топырақ ылғалдылығының жоғары болуы.



Жалған ақ ұнтақ

- ❖ **Ауру белгілері:** Сабақтарында, жапырақтарында ақшыл-жасыл, ұзынша келген дақтар ретінде байқалады. Жапырақтары тез сарғайып, солып қалады.
- ❖ **Арудың сақталу көзі таралуы:** ауру қоздырғыштары тұқыммен, пиязшықтармен, өсімдік қалдықтары арқылы.
- ❖ **Ауруға себеп болатын факторлар:** жинар алдында ылғалды ауа райы, пияздың піспей қалуы, температураның жоғары болуы.



Мойын шірігі

- ❑ **Ауру белгілері:** Вегетация соңына қарай әлсізденген пиязды залалдайды. Пиязшықтарының мойнында батыңқы, іріңді дақтар пайда болады. Олардың бетінде мамық, сұр өңездер пайда болады.
- ❑ **Аурудың сақталу көзі таралуы:** Өсімдік қалдықтарында, топырақта, қоймаларда сақталады.
- ❑ **Ауруға себеп болатын факторлар:** Ылғалды ауа-райы, пияздың піспей қалуы, қоймадағы температураның жоғары болуы.

